

## **Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есебі**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 6D070100-«Биотехнология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес құрылды, ол ҚР БФМ ҚКСОН төрағасының 02.05.2019 жылғы №432 бұйрығы негізінде ашылды.

1. 2023жылы өткізілген мәжілістер саны –2

2. Диссертациялық кеңесмүшелерінің Т.А.Ә (ДК).

**Диссертациялық кеңестің құрамы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ректорының 24.06.2019 жылғы №42 бұйрығымен бекітілді.**

1. Алибаев Нурадин – 06.02.01 – Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру, селекциясы, генетикасы және көбейту мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

2. Кедельбаев Бахытжан Шильмирзаевич – 05.17.04 – Негізгі (аудио) органикалық синтез өнімдерінің технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

3. Сапарбекова Альмира Амангельдыевна – 03.00.07 – Микробиология мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

4. Муталиева Ботагоз Жаксылышкова – 02.00.11 – Коллоидтық және мембраналық химия мамандығы бойынша химия ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті.

**Диссертациялық кеңестің мерзімінің аяқталуына байланысты , М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ректорының 09.05.2022 жылғы №156 бұйрығымен жаңа құрамы бекітілді.**

1. Алибаев Нурадин – 06.02.01 – Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру, селекциясы, генетикасы және көбейту мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

2. Жамбакин Кабыл Жапарович – 03.00.23 – Биотехнология мамандығы бойынша биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» РМК бас директоры, Алматы қ.

3. Сапарбекова Альмира Амангельдиевна – 03.00.07 – Микробиология мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

4. Ахметсадыкова Шынар Нурлановна – 6D070100-Биотехнология мамандығы бойынша PhD докторы, «Антиген» ЖШС «Микробиология» ФЗИ зертханасының менгерушісі, Алматы қ.

3. Білім алған мекемені көрсетумен докторанттар тізімі.

№	Т.А.Ә	Білім алған мекеме	Шифр, мамандығы	Корғау күні	Шешім, Бұйрық №,
1	Ахмет Айнагұл	М.Әуезов атындағы ОҚУ	6D070100-Биотехнология	15.03.2023 ж.	PhD дәрежесін беру, 22.05.2023 жылғы №220 бұйрық
2	Тлеукеева Асель Ержановна	М.Әуезов атындағы ОҚУ	8D05120-Агрономикалық кешендегі биотехнологиялық аспекттер	1.12.2023 ж	

4. Есеп беру жылындакеңестекаралғандиссертацияларғақысқашаталдау, келесібөлімдербөліпкөрсетілген:

4.1 Ахмет Айнагұлдіңдиссертациясынақысқашаталдаужасау.

#### 1) Қарастырылған жұмыстардыңтақырыбынталдау

**6D070100-Биотехнология** мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Ахмет Айнагұлдің «Онтүстік Қазақстанның фосфорқұрамадас қалдықтарынан бағалы компоненттерді биосілтісіздендірудің технологиясы»тақырыбындағы диссертациялық жұмысина қысқаша талдау.

Диссертациялық жұмыста бағалы металдар кешенін алу үшін қалдықтарды қайта өңдеу шарттарын өзгерту кезінде пайдаланылатын микроагзалардың бөлінген белсенді штаммдарынан үш композицияны құрастыра отырып, олардың негізгі физика-химиялық және биологиялық сипаттамаларын нақтылау арқылы Онтүстік Қазақстанның құрамында фосфор бар қалдықтарынан бағалы компоненттерді биосілтісіздендіру технологиясын дайындау зерттеулер жүргізілген.

**2) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарымен байланысы.**

Диссертациялық жұмыс ҚР БФМ Ғылым комитеті қаржыландыратын гранттық ғылыми-техникалық жобалар аясында жасалынған 2015-2018жж. ҚР БФМ № 1969/ГФ4 "Қазақстанның онтүстігіндегі полиметалл, фосфор бар және қорғасын-мырыш қалдықтарынан лантанды, церийді және неодимді биологиялық шаймалау тәсілін өзірлеу" гранттық жобасы бойынша жүргізілген.

### **3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау**

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелеріндебиогеотехнологиялық перспективтілігі жоғары микроағзалардың 12 жаңа штамы бөлініп алынып, олардың таксономиялық тиесілігі ПТР-талдау әдісімен анықталған. Микроағзалардың жаңа штамдарының негізінде онтайлы өсіру жағдайында құрамында фосфор бар қалдықтардан бағалы компоненттерді селективті түрде шаймалауға қабілетті үш түрлі TIAI, ANAT, NEMfos консорциумдары дайындалған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы биогеотехнология үшін перспективалы микроағзалардың жаңа штамдарын алу болып табылады.

TIAI, ANAT, NEMfos микробтық консорциумдары әртүрлі техногендік немесе минералды шикізаттардан бағалы компоненттердің концентраттарын алу үшін жекелей немесе бірге пайдаланылуы мүмкін, бағалы компоненттерді биосілтісіздендірудің үш сатылы технологиясы әзірленген және Қазақстан аумағында құрамында фосфоры бар әртүрлі қалдықтарды қайта өңдеу мақсатында пайдалану үшін ұсынылуы мүмкін. Әзірленген үш сатылы биосілтісіздендіру технологиясының тиімділігі "Қайнар" ЖШС өндірістік кәсіпорнында сынау актісімен расталған.

#### **4.2 Тлеукеева Асель Ержанқызының диссертациясына қысқаша талдау**

##### **1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау**

8D05120 – «Агроенеркәсіптік кешендеңі биотехнологиялық аспектілер» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Тлеукеева Асель Ержанқызының «Шымкент қаласының фосфор құрамды қалдықтарды кешенді конверсиялау процестері негізінде балдырлы тыңайтқышты жасау» тақырыбындағы диссертациясының талдауы.

Диссертациялық жұмыста физика-химиялық және микробиологиялық талдаудың заманауи және дәстүрлі әдістерін қолдана отырып, Шымкент қаласының құрамында фосфоры бар қалдықтар негізінде балдыр тыңайтқышын алу әдісін әзірлеу, сонымен қатар жасыл микробалдырлардың үш штаммы және құрамында фосфоры бар қалдықтарды конверсиялау негізінде альготыңайтқышының құрамы анықталды, көкөніс дақылдарының морфометриялық сипаттамаларына альготыңайтқышының әсері зерттелді.

2) диссертациялар тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымның даму бағыттарымен байланысы және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар;

Диссертациялық жұмыс КР Ежелік «Кең спектрлі әрекеттегі биопрепараттар» (2011-2014 ж.ж.), «Макроскопиялық жіп тәріздес жасыл балдырларды пайдалана отырып ластанған суларды тазарту әдісін жасау» (2015-2017 жж.), «Фармацевтикалық және косметикалық өнеркәсіптің ағынды суларының орталықтандырылмаған биологиялық тазарту жүйелерінің жұмысын фитомелиорант өсімдіктердің құрамын тандау арқылы

онтайландыру» (2021), «Түркістан облысында көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыру үшін құрамында фосфоры бар және көміртегі бар қалдықтарды қайта өндеуге негізделген органикалық тыңайтқыштар алу» (2022-2024 жж.) гранттық жобаларын іске асыру шенберінде жүзеге асырылды.

3) дипломдық жұмыстардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

*Chlorella* микробалдырларының штаммдары бөлініп алынды, олар ағынды суларда өсірілгенде биомасса мен бейтарап липидтерді тиімді жинақтайды, бұл биотехнологиялық мақсаттардың кең спектрі үшін перспективалы. *O. borgei* АТР штамының аллелопатикалық қасиетке ие және су қоймаларының эвтрофикациясына карсы құресте қолдануға болатын балдырлардың өсуін басатыны анықталды.

Түркістан облысындағы фосфоры бар қалдықтарды қайта өндеу және құнарсызданған сазды боз топырактардың құнарлығын арттыру мәселесін шешетін «ФосфИТА» альготыңайтқышының құрамы және микробалдырларды өсіруге арналған қоректік ортаның құрамы әзірленді.

Шымкент қаласындағы «Қайнар» ЖШС-нің сұйық фосфоры бар қалдықтары мен жасыл балдырлардың *C. vulgaris* ASLI-1, *C. vulgaris* ASLI-2, *O. borgei* АТР штамдарының құрамы негізінде қалдықсыз «ФосфИТА» альготыңайтқышын өндірудің технологиялық схемасы әзірленді, бұл 12-ден астам жұмыс орны бар жаңа өндірісті құруға және өнеркәсіптік аймақтағы экологиялық жағдайларды жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері «Nomad agro group» ӘҚК, «Биос» АҚ өндіріске енгізілді, сонымен қатар «Генетика», ««Modern achievements of biotechnology» пәндері бойынша оқу үдерісіне енгізілді.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (сапасыз рецензиялардың мысалдарымен).

Ресми рецензенттер жұмысы өз деңгейінде жүргізілді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Ғылыми кеңесшілеріне және жұмысты ұсынған «Биотехнология» кафедрасына сын ескертпелер айтылып, диссертациялық кеңес мүшелеріне қорғауға қабылданатын жұмыстарды түбекейлі грамматикалық, стилистикалық және орфографиялық деңгейде толық мазмұнды қаралуы тапсырылып, жұмыстарда осындай келеңсіз мәселелер қатаң бақылауға алынатындығы шешілді.

7. Философия докторы (PhD), дайындық бағыттары ескерілген бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 2.

2) қарауданшығарылғандиссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 0.

- 3) рецензенттердентеріспікірлералынғандиссертациялар  
(оныңішіндебасқа ЖОО докторанттары) – 0.
- 4) қорғаунәтижелерібойыншатерішешімі бар диссертациялар  
(оныңішіндебасқа ЖОО докторанттары) – 0.
- 5) пысықтауғажіберілгендиссертациялар (оныңішіндебасқа ЖОО докторанттары) – 0.
- 6) қайтакоргауғабағытталғандиссертациялар (оныңішіндебасқа ЖОО докторанттары) – 1.

ДК төрағасы Ж.Дания (көлі, ТАӘ)  
ДК ғылымихатшы М.С.Алымов (көлі, ТАӘ)

Мер. Күні «05» наука 2012 жылы.

